

## БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

## Көліктер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.11.2022СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/127292/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Білім беру саласы: «Таным», «Қатынас» Пән: Кіріктірілген. Сөйлеуді дамыту, қарапайым математика ұғымдарын қалыптастыру Өтпелі тақырып: «Қыс» Тақырыбы: Көліктер Мақсаты: Білімділік: Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. Сөздік қорларын...

**Білім беру саласы:** «Таным», «Қатынас»

**Пән:** Кіріктірілген. Сөйлеуді дамыту, қарапайым математика ұғымдарын қалыптастыру

**Өтпелі тақырып:** «Қыс»

**Тақырыбы:** Көліктер

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. Сөздік қорларын молайту

**Дамытушылық:** Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту

**Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу

**Педагогикалық технология:** Денсаулық сақтау технологиясы, ойын технологиясы, АКТ, ТРИЗ технологиясы

**Ресурстармен қамтамасыз ету:** Кюзенер таяқшалары, АКТ, суреттер, Деньеш блоктары.

**Әдіс-тәсілдері:** қар кескіні, сұрақ-жауап әдісі, қайталау әдісі, практикалық әдіс, сыни ойдау, 4К моделі,

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**

**1.Ұйымдастырушылық кезеңі:**

Балаларды ұйымдастырылған оқу қызметіне даярлау.

Балалармен көңілді бимен сәлемдесу

**Тәрбиеші:** -Балалар бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметімізді «қар кесегі» ойынынан бастағым келеді. Сендерге қар атысып ойнаған ұнайды ма?

**Балалар:** -Иә, ұнайды.

**Тәрбиеші:** -Келіңдер барлығымыз бірге ойнайық.

-Балалар қарды ашып қарап көрейікші, ішінде не бар екен?

**Балалар:** -Автокөлік, автобус, поезд, кеме, ұшақ.

**Тәрбиеші:** -Дұрыс айтасыңдар балалар, онда бүгінгі тақырыбымыз қандай болмақ? Ұйымдастырылған оқу қызметімізді басау үшін орнымызға отырамыз.

Тақтаға назар аударайық.

## 2. Негізгі бөлімі

Видео «Көліктер» жайлы.

**Тәрбиеші:** -Балалар видеода не көрдіңдер?

-Қанша көліктер көрдіңдер.

-Мотоцикл әуеде ұшады ма?

**Балалар:** -Автобус, поезд, кеме, ұшақ.

**Тәрбиеші:** -Жарайсыңдар балалар, дұрыс айтасыңдар.

**Тәрбиеші:** -Балалар бүгін бізге Алан мен Қозықа қонаққа келді.

**Алан мен Қозықа:** — Сәлеметсіздер ме балалар, бізге сендердің көмектерің керек.

Тақтаға назар аударылады. (Алан мен Қозықа аспаннан жұлдыз аққанын көріп оны тапқысы келеді және сол саяхаттарына балаларды шақырады)

**Алан мен Қозықа:** -Достар бізбен бірге Қазақстанның қалаларына жұлдызды іздеуге саяхатқа шығып, көмектескілерің келеді ме?

**Тәрбиеші:** -Алан мен Қозықа ал саяхатымызды қандай қаладан бастаймыз?

**Алан мен Қозықа:** -Өзіміздің Көкшетау қаламыздан бастайық. Бірақ достар қалай ойлайсыңдар Көкшетауға қандай көлікпен барсақ болады? Қане барлығымыз бірге тандайық.

**Балалар:** -Автобус

**Тәрбиеші:**-Дұрыс айтасыңдар!

**Алан мен Қозықа:**-Ал достар саяхатымызға аттанайық, бәрімізге сәт сапар тілеймін!

**Алан мен Қозықа:** — Көкшетау қаласының Бурабай өлкесіне келдік достар.

— Қарап көрейікші жұлдыз бар ма екен?

**Тәрбиеші:** -Қанекей дүрбімен қарап көрейікші. Таудың үстінен қарайықшы.

**Балалар:** -Жоқ

**Тәрбиеші:** -Балалар Бурабайда еліктер көп, солардың бірі Бэмби. Содан сұрап көрейік.

**Бэмби:** —Сәлеметсіздер ме балалар! Сендер не іздеп жүрсіңдер?

Балалар: -Біз жұлдыз іздеп жүрміз.

-Мен жұлдыздың қайда екенін білемін, менің тапсырмаларымды орындасаңыздар қайда екенін айтамын.

**Тәрбиеші:** -Балалар Бэмбидің тапсырмасын орындаймыз ба?

**Балалар:** -Иә орындаймыз.

АКТ ойыны

**Тәрбиеші:** -Жарайсыңдар балалар! Қараңдар бізге жұлдыз қай қалада болуы мүмкін екенін көрсетті.

-Бұл қандай жер деп ойлайсыңдар?

**Балалар:** Каспий теңізі

**Алан мен Қозықа:** -Балалар Ақтау қаласына Каспий теңізіне қандай көлікпен баруымыз керек?

**Балалар:** —Поезд

**Тәрбиеші:** -Дұрыс айтасыңдар.

**Алан мен Қозықа:** -Достар қараңдар Каспий теңізіне келдік. Судың астынан жұлдызды іздеп көрейік?

**Балалар:** -Жоқ

**Тәрбиеші:** -Бұл жерде де жоқ сияқты, бірақ бұнда алтын балық бар екен. Мүмкін ол бізге көмектесер.

**Алтын балық:**

—Сәлеметсіңдер ме, жоқ балалар мен білмеймін, бірақ менде сиқырлы таяқшалар бар, ол таяқшалармен ұшақ құрастыру арқылы жұлдызды таба аласыңдар.

Алтын балық тапсырмасы.

**Тәрбиеші:** -Балалар біраз шаршап қалған сияқтымыз,орнымыздан тұрайық біраз сергіп алайық.

**Тәрбиеші:** -Балалар қараңдаршы төменде жылтыраған бір зат көрінеді, мүмкін бұл жұлдыз шығар.

**Тәрбиеші:** -Балалар қараңдаршы біз қайда келдік.

**Балалар:** -Астана қаласына

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасыңдар бұл біздің елордамыз Астана қаласы. Жұлдыз осы жерге түсіпті ғой. Жұлдыз түскен жерге ерекше балабақша ашылыпты.

**Алан мен Қозықа:** Алаққай біз осы балабақшада қалайықшы.

**Тәрбиеші:** Алан мен Қозықа балабақшада қалуы үшін тапсырма орындауы қажет.

Нейро жаттығуы

**Алан мен Қозықа:** -Рахмет сендерге балалар.

**Тәрбиеші:** -Балалар біздің өзімізді балабақшамызға да кететін уақыт келген сияқты.

**Алан мен Қозықа:** -Сау болыңдар балалар.

### 3. Қорытынды

**Тәрбиеші:** -Балалар бүгін бізге кімдер қонаққа келді?

-Біз не туралы әңгімелестік?

-Көліктің қандай түрлері бар?

**Балалар:** —Алан мен Қозықа

-Көліктер жайлы

-Суда жүзетін көліктер, әуе көліктері, жерде жүретін көліктер